

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының құрылымдық болімшелерінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Астана қ.

07.12.2023 ж.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының 2023 жылғы 31 қазандагы № 83 «Жұмыс тобын құрып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бүйрекшілдегі негізінде 2023 жылғы 07 қарашадан 7 желтоқсанға дейін сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Ишкі талдау Қоғамның 2022 жылғы қазаннан 2023 жылғы қарашага дейінгі жұмыс кезеңін қамтыды. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандагы № 12 бүйрекшілдегі (16.01.2023 жылғы өзгерістермен) бекітілген Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісінің атауы: «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қоғам).

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізген жұмыс тобының құрамы: Шабарова А.Б. комплаенс-офицер, Рахимберлинов Ф.Б. комплаенс-офицер, Каменов А.Г. - тұрғын үй қатынастары және техникалық реттеу департаментінің директоры, Абылхаримов М.Ж. - кеңесші, Салимов Б.Н. - инвестицияларды тарту және жана технологиялар департаменті директорының орынбасары, Қоблан А.Е.- инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенін дамыту департаментінің жобалық басқарушысы, Кабасова К.М. - кәріздік тазарту құрылыштары департаментінің жобалық басқарушысы, Кабулсиков А.Т. - инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенін цифрландыру департаментінің жобалық басқарушысы, Ахметова М.Б. - қаржы және бухгалтерлік есеп департаментінің бас менеджері, Сейткамал Қ.Ә - ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету және сатып алу департаментінің бас менеджері.

ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТИНЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕ, ИШКІ ҚҰЖАТТАРДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ.

Ішкі құжаттарда анықталған тәуекелдер саны 5(бірлік).

Ішкі регламенттеуші күжаттардағы олқылықтар:

Қоғамның ішкі күжаттарын іріктең талдау барысында мынадай олқылықтар анықталды:

1) бос лауазымга орналасуға кандидаттарды конкурстық іріктеу процесін регламенттеу бөлігінде бос лауазымдарға орналасу процедураларын жүргізу кезінде ашықтық принциптерін сақтау бойынша декларацияланатын мақсаттарды іске асырудың жоқтығын көрсетті. Осылайша, Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 40 хаттамасымен бекітілген Қоғамның бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары кадрлық іс жүргізуді, сапалы кадрлық қамтамасыз етуді регламенттеу, кадрлық әкімшіледіру процесінде ашықтық және колжетімділік принциптерін сақтау мақсатында әзірленген, әңгімелесу барысын (тест тапсырмаларын шешу және/немесе тапсырмалар) тіркеу көзделген, бірақ жазбаның болмауына байланысты жазба фактілерін ұсыну мүмкін емес.

Әңгімелесу барысын аудио-бейнетіркеуді пайдаланбау жұмысқа орналасуға байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы болып табылады.

Ұсыным: - бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның бос лауазымдарына орналасуға конкурс өткізу қағидаларына 1 жылға дейін жазбаларды сақтай отырып, сұхбаттасу барысының (тест тапсырмаларынан ету және/немесе тапсырмалар) аудио-бейнежазбасын міндетті түрде өткізу туралы толықтырулар енгізу мәселесін қарастырай.

2) Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 25 тамыздагы № 36 хаттамасымен бекітілген Қызыметкерлерді қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығару қағидаларында сынақ мерзімін белгілеу/белгілемеу негізdemесі жоқ, яғни бұл мәселені регламенттемеу сыйбайлас жемқорлық тәуекеліне әкел соғады.

Ұсыным: сынақ мерзімін белгілеу кезінде накты қағидаттар мен негіздерді белгілеу бөлігінде толықтырулар енгізу мәселесін қарастырай.

3) лауазымдық нұсқаулықтарды талдау:

- көріздік тазарту құрылыштары департаменті директорының, жобалық басқарушысының, сондай-ақ кеңесшілердің лауазымдық нұсқаулықтарында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы мүлтіксіз сақтау нормалары жоқ екенін анықтады.

Ұсыным: көріздік тазарту құрылыштары департаменті қызыметкерлері мен кеңесшілердің лауазымдық нұсқаулықтарында «Қазақстан

Республикасының Сыбайлас жемқорлықта қарсы заңнамасын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-кимыл жөніндегі ішкі құжаттарды мүлтіксіз сактау» бөлігінде толықтырулар енгізу мәселесін қару.

4) Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 14 қантардағы № 2 шешімімен бекітілген грейдті белгілеу туралы ережеде грейдтерді кім бекітетіні жазылмаған.

Ұсыным: грейдтерді белгілеуге қатысты ішкі құжаттарды қайта қару мәселесін және қызметкерлерді белгілі бір грейдке және лауазымдарға ұсынуда сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмау үшін олардың сібебі мен жетістіктерін, сондай-ақ грейдтерді кім бекітетінін айқындау мәселесін қару.

5) біржолғы сыйлықақылардың төленуін тексеру процесінде төлемдердің негіздемесі бөлігінде кемшіліктерге жол берілген.

Ұсыным: біржолғы сыйлықақыларды төлеудің негұрлым егжей-тегжейлі негіздемесі мәселесін қару.

Функциялардың қайталануы

Лауазымдық нұсқаулықтардың ережелерін талдау функциялардың қайталануын анықтады (әр түрлі қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында бірдей функцияларды жазу).

Мысалы, Қаржы және бухгалтерлік есеп департаменті директорының және бас бухгалтердің лауазымдық нұсқаулықтарында бірдей функционалдық міндеттер жазылған. Функциялардың қайталануы қызметкердің жауапкершілік аймағын нақты анықтауга, тиісінше қызметкерлерден олардың міндеттерін орындауды талап етуге, қызметкердің қызметін объективті бағалауга мүмкіндік бермейді немесе бұл жағдайлар жеке қызметкерге қатысты басшы тарапынан протекционизмнің пайда болу қаупіне әкелуі мүмкін.

Ұсыным: - қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын қайта қару (нақты лауазымдағы қызметкердің лауазымдық міндеттерінің шеңберін анықтай отырып, оның функционалын егжей-тегжейлі көрсету, қайталануды жою).

Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережені талдау барысында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бүйріғымен (бұдан әрі – біліктілік анықтамалығы) бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының ережелері мен корпоративтік хатшыға қойылатын біліктілік талаптары бөлігінде корпоративтік хатшы А. С. Байтимбетованың лауазымдық нұсқаулығының арасында айырмашылық анықталды.

Біліктілік анықтамалығына сәйкес 1-бөлім басшылар лауазымдары 2-параграф корпоративтік хатшы 14-тармақ біліктілікке қойылатын талаптар: Жоғары (немесе жоғары оку орнынан кейінгі) білімі бар кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша және корпоративтік басқару бойынша арнайы даярлық, мамандығы бойынша кемінде 3 жыл, оның ішінде басшы лауазымында кемінде 1 жыл жұмыс өтілі. Жоғарыда айтылғандардың негізінде корпоративтік хатшы басшылық лауазымға жатады.

Ұсыным: Корпоративтік хатшының лауазымдық нұсқаулықтарын біліктілік анықтамалығына сәйкестендіру мәселесін қарау, сондай-ақ Қоғамның даму жоспарында максаттар, міндеттер және түйінді көрсеткіштер белімінде көрсету: басшы әйелдердің үлесін арттыру.

ҚОҒАМНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТИНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРИН АНЫҚТАУ

- Персоналды басқару, оның ішінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау.

Персоналды басқарумен байланысты анықталған тәуекелдер саны 2 (бірл.).

Қоғамның ұйымдық құрылымы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі шешімімен бекітілген, № 6 хаттама.

Талданатын кезеңде Қоғам қызметкерлерінің штат саны 70 адам, нақты 64 адам, бала күтімі бойынша демалыста 7 адам. Зерттелетін кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты жарияланған теріс материалдар анықталған жок.

Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмыска қабылдау тәуекелдері:

Ішкі талдау барысында біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін тұлғаның лауазымын ауыстыру анықталды.

Мәселен, Қаржы және бухгалтерлік есеп департаменті директорының лауазымдық нұсқаулығында біліктілікке қойылатын мынадай талаптар белгіленген-жоғары экономикалық, зангерлік және техникалық білім, басшы лауазымында кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы және т. б. Алайда, аталған лауазымға Қоғамның қаржы және бухгалтерлік есеп департаменті директорының лауазымына (2023 жылғы 05 мамырдагы №42 бұйрық) кандидат тағайындалды, кандидаттың нақты жұмыс өтілі (С. Б. Жақыпбаева) ұсынылған құжаттарға сәйкес шамамен 4 жыл 2 ай. Егер Қоғам осы тексеруге

дейін Қоғамның даму жоспарында және басқа құжаттарда корпоративтік хатшы басшы құрам санатына жатқызылмағанын ескерсек, онда С. Б. Жақыпбаеваның жұмыс етілі шамамен 1,9 жылды құрайды.

Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін тұлғаларды жұмысқа қабылдау, Қоғам ішінде лауазымын ауыстыру протекционизммен және конкурстық іріктеуді формальды өткізумен байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары болып табылады.

Ұсыным: - ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету және сатып алу департаментінің директоры жұмысқа қабылдау және Қоғам ішінде лауазымга ауыстыру кезінде кандидаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін бақылауды күшетсін.

Қоғам қызметкерлерінің жеке істерін зерделеу барысында жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлердің жалақысының (грейдінің) мөлшерін белгілеуге қатысты кемшіліктер анықталды.

Ұсыным: белгілі бір грейдті белгілеу туралы шешім қабылдау үшін негіздеменің негізділігі мен дұрыстығын күшету.

- Қызметкерді лауазымдық нұсқаулықпен таныстырмай жұмысқа жіберу

Талдау барысында қызметкерлерді лауазымдық нұсқаулықпен таныстыру – анықталған жок.

Ұсыным: - танысу туралы белгінің (колдың) болуына Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарының мониторингін жургізу, ол болмаған жағдайда Қоғам қызметкерлерін лауазымдық нұсқаулықтармен таныстыру, танысады тіркеу.

- Мұдделер қақтығысын реттеу

Мұдделер қақтығысына байланысты анықталған тәуекелдер саны 0 (бірл.).

Мұдделер қақтығысының пайда болу қаупі Акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің 2023 жылғы «30» мамырдағы шешімімен бекітілген Қоғамның мұдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ережеге сәйкес №7 хаттама, қақтығыстардың алдын алу және реттеу заңды және негізделген бола отырып, Қоғамның мұдделеріне барынша жауап беруі және Қоғамның құқықтарының сакталуы мен қорғалуын төң дәрежеде қамтамасыз етуі және Қоғамның мүліктік мұдделері мен іскерлік беделін қоргауы тиіс. Бұл ретте мұдделер қақтығысын реттеу Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің

әріптестерімен, мемлекеттік органдар мен олардың қызметкерлерін қоса алғанда, барлық іскерлік серіктестермен өзара әрекеттесуіндегі мінез-кулқын айқындаиды.

Бос лауазымдарға орналасу кезінде аффилиирлену фактілері анықталған жоқ.

Қогам қызметінде сыйбайлас жемқорлық көріністері фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

- Бюджет және қаржы қаражатын игеру және болу

Каржы-шаруашылық қызметте анықталған тәуекелдер саны 0 (бірл.).

Қоғамның 2022 жылғы қаржылық есептемесінің тәуелсіз аудиті «Finexpertiza Kazakhstan» ЖШС тәуелсіз аудиторлық компаниясымен өткізілді, корытынды: ескертпесі бар пікір.

- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты үйымдастыру

Қоғамда Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін екі комплаенс-офицерден тұратын Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі жұмыс істейді.

Директорлар кеңесі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша мынадай күжаттаманы бекітті:

- 1) Қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы
- 2) Қоғам мудделерінің қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат
Қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары
- 3) Қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
- 4) Қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
- 5) Қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже
- 6) Қоғамның комплаенс офицерінің лауазымдық нұсқаулықтары
- 7) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары.

Қоғам қызметкерлері үшін тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары өткізіледі.

Сыйбайлас жемқорлық тақырыбына қатысты жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Қоғамның ресми сайтында Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет туралы белім бар, онда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоніндегі барлық ішкі

нормативтік құжаттар, тиісті жылдарға арналған жоспарлар, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы аналитикалық анықтамалар, сондай-ақ сенім телефонының (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) байланыстары көрсетілген.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету және сатып алу департаментінің ұсынған ақпараты негізінде

- Мемлекеттік сатып алу бойынша:

2022 жылы Қоғам үшін мемлекеттік сатып алушын жылдық жоспарымен сомасы 2 742 134 595,34 теңге бекітілді, оның ішінде жалпы сомасы 445 005 373,30 теңгеге сатып алу жүзеге асырылды, атап айтқанда:

- 1) конкурс/аукцион тәсілімен – 377 685 920 теңге;
- 2) бага ұсынystарын сұрату тәсілімен – 42 523 380,05 теңге;
- 3) шарттарды тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен – 24 796 073 теңге.

2023 жылы Қоғам үшін мемлекеттік сатып алушын жылдық жоспарымен сомасы 1 683 834 883,21 теңге бекітілді, оның ішінде жалпы сомасы 494 846 006,12 теңгеге сатып алу жүзеге асырылды, атап айтқанда:

- 1) конкурс/аукцион тәсілімен – 454 929 733 теңге;
- 2) бага ұсынystарын сұрату тәсілімен – 39 708 800 теңге;
- 3) шарттарды тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен – 664 623 теңге.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңмен (бұдан әрі - Заң) мемлекеттік сатып алушын жүзеге асыруды мемлекеттік реттеу көзделген. Үәкілетті орган (КР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сакталуын бақылауды, оның ішінде камералдық бақылауды жүзеге асырады, қажет болған жағдайда, мемлекеттік сатып алуға катысушылар беретін есептік деректердің, материалдар мен ақпараттың анықтығын тексереді.

Сондай-ақ, Заңмен тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алушын үйымдастырушының, мемлекеттік сатып алушы бірыңғай үйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымданудың «институты» енгізілгенін атап ету қажет.

Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алушын үйымдастырушының, мемлекеттік сатып алушы бірыңғай үйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, шағым жасауға құқылы.

Уәкілетті орган шағым түскен күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге шағым қаралғанға дейін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі 2022 жылы мемлекеттік сатып алу шарттының - 110 шарттың, 2023 жылы – 77 шарттың сенімділігі тексерілді.

Жосықсыз өнім берушілер деп танылған 4 өнім беруші анықталды, оның ішінде:

Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу шарттарын тексеру барысында сомасы 1 222 000 (бір миллион екі жүз жиырма екі мың) тенгеғе компьютерлік/перифериялық үйымдастыру техникасына/жабдықтарына және олардың белгітеріне техникалық қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу фактісі анықталды, дереу жойылды, атап айтканда:

Салыстыру кезінде көрсетілетін қызметтердің техникалық сипаттамасы функциялары М. Гречкинге уақытша жүктелген бағдарламашының функционалдық міндеттерімен бірдей болды.

Қоғамда бағдарламашылардың штат бірлігі болмағандықтан, мысал ретінде штат бірлігінің қысқаруына байланысты күшін жоғалтқан бағдарламашының лауазымдық нұсқаулығы алынды.

Анықтама: Қоғамда бағдарламашының штаттық бірлігі жоқ және функционалдық міндеттер уақытша Кенесші М. С. Гречкинге Басқарма төрағасының 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 83-к бұйрығымен 25 % қосымша ақы төленіп жүктелді.

Анықталған факт негізінде Басқарма төрағасының 2023 жылғы 23 тамыздагы № 71 бұйрығымен М. С. Гречкиннің қосымша ақысы жойылды.

2022 жылы қайтарымды қызмет көрсету шарты келесі тұлғалармен 9 қайтарымды қызмет көрсету шарты жасалды:

- 1) Уалиева Д.К. Атбасар қ. ТЭН шарты бойынша
- 2) Балапанова А.Б. Атбасар қ. ТЭН шарты бойынша
- 3) Ильясов М.Б. Атбасар қ. ТЭН шарты бойынша
- 4) Жуманбаева А.А. Атбасар қ. ТЭН шарты бойынша
- 5) Шестаков П.И. Атбасар қ. ТЭН шарты бойынша
- 6) Мунбаев Е.С. Атбасар қ. ТЭН шарты бойынша
- 7) Матвиенко Е.А. Атбасар қ. ТЭН шарты бойынша, Атбасар қаласының ТЭН шарты бойынша қызметтік тексеріс барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі, осы қайтарымды қызмет көрсету

шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзып жасалған деп танылды.

- 8) Муслимов Б.Н.
- 9) Бузурбаев Е.М.

2023 жылы қайтарымды қызмет көрсету шарттары жасалған жок.

Бос лауазымдарға орналасу кезінде және мемлекеттік сатып алу бойынша үлестес болу фактілері анықталған жок.

Қогам қызметінде сыйбайлар жемқорлықтың көріну фактілері бойынша жеке және занды тұлғалардан етініштер түскен жок.

- ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Басқарма төрағасының 2023 жылғы 04 сәуірдегі № 80К бүйрүгімен М. С. Гречкин ақпараттық қауіпсіздікке жауапты лауазымдық нұскаулықтар негізінде Кенесшілер тобының кенесшісі болып тағайындалды.

Қогамда ақпараттық жүйелер мен қауіпсіздік саласында жұмыс істейтіндер, негізгі:

Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігі туралы ереже

Ақпараттық жүйелерді, интернет және электрондық поштаны пайдалану ережелері

Антивирустық бақылауды үйімдастыру ережелері.

Қоғам негізгі қажетті ақпараттық өнімдерді пайдаланады: PF Sence, интернетке кіруді фільтрациялау; Documentolog; виртуализация қызметі; Synology сақтау жүйесі және т. б.

Зерттелетін кезеңде ақпараттық жүйелердің аудиті жүргізілген жок.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша сыйбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде сыйбайлар жемқорлық тәуекелдері анықталған жок.

- қызметтің ашықтығы мен жариялышының қамтамасыз ету

Қоғам қызметтің ашықтығы мен жариялышының қамтамасыз ету бағыты бойынша сыйбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде сыйбайлар жемқорлық тәуекелдері анықталған жок.

Қоғам мемлекеттік қызметтерді көрсетпейді, рұқсат беру функциялары мен бақылау функциялары жок.

Жалпы ұсынымдар: Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының өзектілігін бақылау, ішкі нормативтік құжатқа екіден астам өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда, қызметкерлерге құжатты пайдаланудың қолайсыздығына байланысты оны жаңа редакцияда шығару қажет.

Шақырушы таралтың есебінен халықаралық іссапарларға жіберу бөлігінде Қоғам қызметкерлерін іссапарға жіберу қагидаларына толықтырулар енгізу сыйлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына байланысты Сыйлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметпен келісілу қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Ішкі нормативтік күжаттардағы олқылықтармен, жұмысқа орналастырудың ашық емес процедураларымен байланысты сыйлас жемқорлық тәуекелдерінің бар екендігін көрсетті.

Осылай байланысты сыйлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауга, сондай-ақ сыйлас жемқорлық көріністері үшін себептер мен жағдайлардың туындауына ықпал ететін іс-әрекеттерді болдырмау үшін Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылығы мен басшылары тарарапынан алдын алу және алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған нормашығармашылық және үйымдық-басқару қызметін одан әрі жетілдіру қажет.

Сыйлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыйлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

Жұмыс тобының мүшелері:

Комплаенс-офицер

Шабарова А.Б.

Комплаенс-офицер

Рахимберлинов Ф.Б.

Тұрғын үй қатынастары және техникалық реттеу департаментінің директоры

Каменов А.Г.

Кеңесшілер тобының кеңесшісі

Абдыкаримов М.Ж.
(2023ж. 06.12. еңбекке
уақытша жарамсыздық парагы)

Инвестицияларды тарту және
жаға технологиялар департаменті
директорының орынбасары

Салимов Б.Н.

Инфрақұрылымдық-тұрғын
үй кешенін дамыту департаментінің
жобалық басқарушысы

Қоблан А.Е.

Кәріздік тазарту құрылыштары

департаментінің жобалық
басқарушысы

Кабасова К.М.

Инфрақұрылымдық-тұрғын үй
кешенін цифрландыру департаментінің
жобалық басқарушысы

Кабулсиков А.Т.

Қаржы және бухгалтерлік есеп
департаментінің бас менеджері

Ахметова М.Б.

Ұйымдық-құқықтық қамтамасыз
ету және сатып алу департаментінің
бас менеджері

Сейткамал Қ.Ә

Анықтамамен таныстым:

Басқарма төрағасы

А. Умербаев